

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің  
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» ШЖҚ РМК  
мәмілелері мен шарттарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін  
анықтау жөніндегі ЕРЕЖЕ**

**1. Мәні мен қолданылу саласы**

1. Мәмілелер мен шарттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі осы ереже (бұдан әрі – *Ереже*) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – *Кәсіпорын*) мәмілелері мен шарттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 318-НҚ бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартына сәйкес әзірленді.
2. Ереже Кәсіпорынның мәмілелері мен шарттық қатынастары кезінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруге, анықтауға, бақылауға және азайту жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған мәмілелер мен шарттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (бұдан әрі – *Сыбайлас жемқорлық тәуекелі*) болдырмау маңыздылығын айқындайды.
3. Осы Ереже Кәсіпорынның ішкі актісі болып саналады. Осы Ереженің негізгі мақсаты – мәмілелерде, келісімшарттарда, шарттарда және Кәсіпорынның басқа да актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауын болдырмау.
4. Осы Ереженің күші атқаратын лауазымы мен орындайтын функцияларының деңгейіне қарамастан Кәсіпорынның барлық жұмыскеріне және кез келген сипаттағы азаматтық-құқықтық актілер жасалған барлық адамға қолданылады.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі болашақта іске асырылған жағдайда осы Ережені, Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзуы, сондай-ақ осындай тәуекелдердің туындауына ықпал етуі мүмкін ықтимал оқиғаны (немесе мән-жайлардың жиынтығын) білдіреді.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтау саласындағы өзге де мәселелер Кәсіпорынның тиісті ішкі нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.
7. Осы Ереженің күші Кәсіпорын мәмілелерінің, келісімшарттарының және шарттарының барлық түріне қолданылады. Ереже Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшесі мен жұмыскерлеріне танысу және қолдану үшін міндетті болып саналады. Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру және алға қойылған

міндеттерді іске асыру кезінде Кәсіпорын жұмыскерлері осы Ережеде көрсетілген нормаларды басшылыққа алуы тиіс.

8. Шарттар мен келісімшарттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқару процесінің негізгі қағидаттары:

1) тұтастық – сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекел элементтерін Кәсіпорынның барлық актілерінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде қарау;

2) ашықтық – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жүйесін дербес немесе оқшау жүйе ретінде қарауға, сондай-ақ осы қағидатты Кәсіпорынның барлық шарттық актісінде қолдануға тыйым салу;

3) хабардарлық – Кәсіпорынның контрагенттерімен жасалған шарттық актілерде объективті, дұрыс және өзекті ақпараттың болуын сүйемелдеу;

4) үздіксіздік – Кәсіпорынның мәмілелері мен шарттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтауға арналған тұрақты негізде жүргізілетін мониторинг процесі.

## 2. Тәуекелдерді сәйкестендіру

9. Кәсіпорын келісімшарттардағы, шарттардағы, мәмілелердегі ықтимал оқиғаларды, сондай-ақ Кәсіпорынның қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да актілердегі нормаларды тұрақты негізде сәйкестендіреді және олардың Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындау себептері мен жағдайларын білдіру-білдірмеуін анықтайды.

Оқиғаларды сәйкестендіру кезінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыруы мүмкін әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар, алғышарттар мен мүмкіндіктер қарастырылады.

10. Тәуекелдерді сәйкестендіру – Кәсіпорынның оның Комплаенс саясатына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына теріс әсер етуі мүмкін оқиғалардың ықпалына ұшырауын анықтау.

Мәмілелер мен шарттардағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру рәсімінің мақсаты – тәуекелдерді анықтау және оларды Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізіліміне енгізу.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру және бар тәуекелдерге нақты объективті көзқарастың болуы Кәсіпорынның Комплаенс саясатын орындауға ықпал ететін тәуекелдерді тиімді басқару негіздерінің бірі болып саналады.

12. Кәсіпорынның әрбір жұмыскері тұрақты негізде Кәсіпорынның мәмілелері мен шарттарындағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіре және бағалай алады.

## 3. Тәуекелдерді бағалау

13. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «осал» жерлерді айқындау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қазіргі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен олардың мөлшері бойынша жалпы пайымды ұсынуға бағытталған.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау процесі Кәсіпорын қызметіне теріс әсер етуі, Кәсіпорын жұмыскері тарапынан да, контрагенттер мен серіктестер тарапынан да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін неғұрлым маңызды (*keyinmi*) тәуекелдерді бөліп көрсету мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер дереу қарауға шығарылуы және осы тәуекелдерді жою және бақылау туралы шешім қабылдануы керек.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау әрбір тәуекелдің көздері мен себептерін, оларды іске асыру кезіндегі теріс салдарды және белгілі бір оқиғаның болу ықтималдығын қарауды қамтиды.

16. Бастапқыда Сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау сапалы негізде жүргізіледі, содан кейін олардың ең маңыздысы үшін сандық бағалау жүргізілуі керек.

Сандық бағалауға жатпайтын тәуекелдер, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе мұндай модельдерді құру шығындар тұрғысынан орынды емес болса, онда тек сапалы негізде бағаланады.

17. Мәмілелер актілерінде болуы орын алған Сыбайлас жемқорлық тәуекелі мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1) жол берілетін тәуекел – оны жүзеге асыру нәтижесінде Кәсіпорын, жұмыскерлер мен контрагенттер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі жоқ шешім тәуекелі, осы аймақ шегінде Кәсіпорынның Комплаенс саясаты өзінің превентивті мақсаттылығын сақтайды, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алады, бірақ олар шекті деңгейден аспайды;

2) жоғары тәуекел – Кәсіпорынға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі төнетін тәуекел, қауіпті тәуекел аймағы шекті деңгейден көрінеу асып түсетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу қаупімен сипатталады және төтенше жағдайда Кәсіпорынның бір жұмыскерінің қылмыстық және/немесе әкімшілік жауапкершілігіне алып келуі мүмкін;

3) қауіпті тәуекел – жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін жағдайлар туындайтын тәуекел, мұндай тәуекелдер жүйелілік тұрақты сипатқа ие болғанда және Кәсіпорынның екі және одан да көп жұмыскері тартылғанда өз шамасына жетуі мүмкін. Сондай-ақ бұл топқа мемлекеттік активтерді ұрлауды жүзеге асырудағы тікелей қауіппен байланысты кез келген тәуекелдер жатады.

18. Мәмілелер мен шарттардағы барлық сәйкестендірілген, анықталған және бағаланған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімінде көрсетіледі.

#### 4. Тәуекелдерді басқару

19. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою мақсатында Кәсіпорын әрекет ету әдістерін анықтайды және оларды неғұрлым қауіпті тәуекелден қауіптілігі аз тәуекелге дейін жояды.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқару Кәсіпорын жұмыскерлерінің де, сол сияқты контрагенттер тарапынан да теріс әсерді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

21. Кәсіпорынның мәмілелер мен шарттық қатынастарды қалыптастыруға, жасасуға, қол қоюға және орындауға қатысы бар құрылымдық бөлімшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицермен бірлесіп, Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіруге және анықтауға бағытталған мониторингті және басқа да іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді.

22. Кәсіпорынның барлық келісімшартында, шарты мен басқа да мәміле актісінде Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымы туралы хабарлау нормасы болуы тиіс, сонымен қатар барлық контрагенттерден, серіктестерден, тапсырыс берушілерден және Кәсіпорынмен шарттық қатынастары бар басқа да адамдардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті мәдениетті талап етуі керек.

Контрагенттердің осы талапты орындамауы қандай да бір міндеттемелерді өтеместен, Кәсіпорын тарапынан шартты біржақты тәртіппен бұзу үшін негіз бола алады.

23. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою және/немесе болдырмау шарттық актілерде көрсетілген және ықтимал теріс салдарға әкеп соғатын операцияларды барынша азайтуға, бақылауға және операцияларды жүзеге асыруды тоқтатуға немесе одан бас тартуға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды.

24. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін барынша азайту және бақылау:

1) ескерту – мәмілелер, келісімшарттар және өзге де шарттар жасасу кезінде белгілі бір тәуекелдің басталу ықтималдығын қысқартуға;

2) бақылау – Сыбайлас жемқорлық тәуекелін қысқартуға және/немесе осыған ұқсас тәуекел анықталған, сәйкестендірілген және басталған жағдайда толық жоюға;

3) әртараптандыру – Сыбайлас жемқорлық тәуекелін толықтай болдырмау мүмкін болмаған жағдайда, оның ықтимал әсерін төмендету мақсатында тәуекелді Кәсіпорынның бірнеше жұмыскері арасында бөлуге бағытталған іс-шаралар.